WestLB	Woolgate Exchange 25 Basinghall Street London EC2V 5HA, United Kingdom	саудалық қаржылау	806 920,00	USD	806 920,00	6 ай ЛИБОР+1, 7%	2 тоқсан 2006 - 27,606.99 4 тоқсан 2006 - 169,131.93	2007 - 333,632.03 2008 - 327433.69
WestLB	Woolgate Exchange 25 Basinghall Street London EC2V 5HA, United Kingdom	саудалық қаржылау	6 350 000,00	USD	6 350 000,00	6м ЛИБОР+2, 10%	2 тоқсан 2006 - 236,490.46 4 тоқсан 2006 - 946,447.90	2007- 1,809,107.16 2008 - 1,703,789.49 2009 - 1,596,726.23 2010 - 1,490,535.76

WestLB	Woolgate Exchange 25 Basinghall Street London EC2V 5HA, United Kingdom	саудалық қаржылау	5 000 000,00	USD	5 000 000,00	6м ЛИБОР+2, 0%	1 тоқсан 2006 - 161,643.06 3 тоқсан 2006 - 8,944.44	2007 - 2,515,616.32 2008 - 2,506,623.26
HSBC Bank Plc	8 Canada Square London E14 5HQ, United Kingdom	саудалық қаржылау	2 196 923,00	USD	2 196 923,00	6 м ЛИБОР+1, 8%	2 тоқсан 2006 - 67,701.16 4 тоқсан 2006 - 336,181.53	2007 - 662,686.13 2008 - 650,027.67 2009 - 637,229.72
Корея Эқсим Банкі	16-1, Yoido-Dong, Youngdung po-Gu, 150-010 Seoul, Korea	саудалық қаржылау	103 269,00	USD	51 634,50	3,91%	4 тоқсан 2005 - 52,671.73	полное погашение в 2005 ж.
Корея Эқсим Банкі	16-1, Yoido-Dong, Youngdung po-Gu, 150-010 Seoul, Korea	саудалық қаржылау	324 630,00	USD	324 630,00	ЛИБОР+1, 09%	4 тоқсан 2005 - 170,136.96 2 тоқсан 2006 - 163,209.45	2006 жылы толық өтеледі
Корея Эқсим Банкі	16-1, Yoido-Dong, Youngdung po-Gu, 150-010 Seoul, Korea	саудалық қаржылау	759 867,50	USD	759 867,50	Либор+1,0 9%	1 тоқсан 2006 - 398,799.15 3 тоқсан 2006 - 382,015.89	2006 жылы толық өтеледі
Корея Эқсим Банкі	16-1, Yoido-Dong, Youngdung po-Gu, 150-010 Seoul, Korea	саудалық қаржылау	307 636,00	USD	307 636,00	Либор+0,8 3%	2 тоқсан 2006 - 161,937.49 4 тоқсан 2006 - 155,115.97	2006 жылы толық өтеледі
Корея Эқсим Банкі	16-1, Yoido-Dong, Youngdung po-Gu, 150-010 Seoul, Korea	саудалық қаржылау	69 000,00	USD	17 250,00	ЛИБОР+1, 37%	4 тоқсан 2005 - 38,804.37 2 тоқсан 2006 - 38,299.93 4 тоқсан 2006 - 36,440.36	2006 жылы толық өтеледі
Корея Эқсим Банкі	16-1, Yoido-Dong, Youngdung po-Gu, 150-010 Seoul, Korea	саудалық қаржылау	94 400,00	USD	47 200,00	ЛИБОР+1, 33%	1 тоқсан 2006 - 23,746.48	2006 жылы толық өтеледі
Корея Эқсим Банкі	16-1, Yoido-Dong, Youngdung po-Gu, 150-010 Seoul,	саудалық қаржылау	153 300,00	USD	153 300,00	Либор+1,1 3%	4 тоқсан 2005 - 41,885.18 2 тоқсан 2006 - 41,560.02 4 тоқсан 2006 - 38,767.70	2007 - 38,531.91



	Korea							
Корея Эқсим Банкі	16-1, Yoido-Dong, Youngdung po-Gu, 150-010 Seoul, Korea	саудалық қаржылау	144 900,00	USD	108 675,00	ЛИБОР+1, 23%	4 тоқсан 2005 - 38,804.37 2 тоқсан 2006 - 38,299.93. 4 тоқсан 2006 - 36,440.36	2006 жылы толық өтеледі
Корея Эқсим Банкі	16-1, Yoido-Dong, Youngdung po-Gu, 150-010 Seoul, Korea	саудалық қаржылау	366 660,00	USD	274 995,00	ЛИБОР+1, 18%	4 тоқсан 2005 - 98,259.55 2 тоқсан 2006 - 92,758.67 4 тоқсан 2006 - 92,184.79	2006 жылы толық өтеледі
Корея Эқсим Банкі	16-1, Yoido-Dong, Youngdung po-Gu, 150-010 Seoul, Korea	саудалық қаржылау	135 450,00	USD	135 450,00	Либор+1,1 3%	1 тоқсан 2006 - 37,268.62 3 тоқсан 2006 - 34,439.66	2007 - 68,301.10
Корея Эқсим Банкі	16-1, Yoido-Dong, Youngdung po-Gu, 150-010 Seoul, Korea	саудалық қаржылау	2 550 000,00	USD	1 020 000,00	5,04%	4 тоқсан 2005 - 291,792.24 2 тоқсан 2006 - 282,443.39 4 тоқсан 2006 - 273,396.12	2007 - 264,147.80
Корея Эқсим Банкі	16-1, Yoido-Dong, Youngdung po-Gu, 150-010 Seoul, Korea	саудалық қаржылау	49 300,00	USD	12 325,00	3,23%	4 тоқсан 2005 - 12,514.10	2005 жылы толық өтеледі
Корея Эқсим Банкі	16-1, Yoido-Dong, Youngdung po-Gu, 150-010 Seoul, Korea	саудалық қаржылау	39 452,80	USD	29 589,60	ЛИБОР+1, 28%	4 тоқсан 2005 - 10,572.05 2 тоқсан 2006 - 10,416.62 4 тоқсан 2006 - 9,923.17	2006 жылы толық өтеледі
Корея Эқсим Банкі	16-1, Yoido-Dong, Youngdung po-Gu, 150-010 Seoul, Korea	саудалық қаржылау	2 550 000,00	USD	2 550 000,00	4,05%	4 тоқсан 2005 - 65,762.06 2 тоқсан 2006 - 68,832.40 4 тоқсан 2006 - 72,602.84	2007 - 119,952.51 2008 - 88,429.90 2009 - 55,855.08 2010 - 23,981.73
Корея Эқсим Банкі	16-1, Yoido-Dong, Youngdung po-Gu, 150-010 Seoul,	саудалық қаржылау	999 911,99	USD	999 911,99	ЛИБОР+1, 22%	4 тоқсан 2005 - 999,911.99	2005 жылы толық өтеледі

	Korea							
Корея Эқсим Банкі	16-1, Yoido-Dong, Youngdung po-Gu, 150-010 Seoul, Korea	саудалық қаржылау	750 000,00	USD	750 000,00	ЛИБОР+1, 22%	4 тоқсан 2005 - 750,000.00	2005 жылы толық өтеледі
Корея Эқсим Банкі	16-1, Yoido-Dong, Youngdung po-Gu, 150-010 Seoul, Korea	саудалық қаржылау	700 000,00	USD	232 356,10	ЛИБОР+1, 3%	4 тоқсан 2005 - 236,938.75	2005 жылы толық өтеледі
Корея Эқсим Банкі	16-1, Yoido-Dong, Youngdung po-Gu, 150-010 Seoul, Korea	саудалық қаржылау	520 000,00	USD	520 000,00	ЛИБОР+1, 18%	4 тоқсан 2005 - 532,106.47	2005 жылы толық өтеледі
Корея Эқсим Банкі	16-1, Yoido-Dong, Youngdung po-Gu, 150-010 Seoul, Korea	саудалық қаржылау	640 000,00	USD	320 000,00	ЛИБОР+1, 23%	4 тоқсан 2005 - 327,090.49	2005 жылы толық өтеледі
Корея Эқсим Банкі	16-1, Yoido-Dong, Youngdung po-Gu, 150-010 Seoul, Korea	саудалық қаржылау	500 000,00	USD	500 000,00	ЛИБОР+1, 13%	4 тоқсан 2005 - 511,806.67	2005 жылы толық өтеледі
Корея Эқсим Банкі	16-1, Yoido-Dong, Youngdung po-Gu, 150-010 Seoul, Korea	саудалық қаржылау	740 000,00	USD	740 000,00	ЛИБОР+1, 13%	4 тоқсан 2005 - 758,101.02	2005 жылы толық өтеледі
Корея Эқсим Банкі	16-1, Yoido-Dong, Youngdung po-Gu, 150-010 Seoul, Korea	саудалық қаржылау	700 000,00	USD	700 000,00	ЛИБОР+1, 11%	1 тоқсан 2006- 703,949.75	2006 жылы толық өтеледі
Корея Эқсим Банкі	16-1, Yoido-Dong, Youngdung po-Gu, 150-010 Seoul, Korea	саудалық қаржылау	1 000 000,00	USD	1 000 000,00	ЛИБОР+1, 11%	1 тоқсан 2006- 1,005,673.33	2006 жылы толық өтеледі

Корея Эқсим Банкі	16-1, Yoido-Dong, Youngdung po-Gu, 150-010 Seoul, Korea	саудалық қаржылау	1 000 000,00	USD	1 000 000,00	ЛИБОР+1, 11%	4 тоқсан 2005-3,327.50 2 тоқсан 2006 - 1,005,611.67	2006 жылы толық өтеледі
Корея Эқсим Банкі	16-1, Yoido-Dong, Youngdung po-Gu, 150-010 Seoul, Korea	саудалық қаржылау	1 000 000,00	USD	993 911,61	ЛИБОР+1, 06%	4 тоқсан 2005 - 23,112.67	толығымен игерілмеген - дәл кестесі жоқ
Корея Эқсим Банкі	16-1, Yoido-Dong, Youngdung po-Gu, 150-010 Seoul, Korea	саудалық қаржылау	2 000 000,00	USD	648 742,20	ЛИБОР+1, 3%	4 тоқсан 2005 - 660,345.80	2005 жылы толық өтеледі
Корея Эқсим Банкі	16-1, Yoido-Dong, Youngdung po-Gu, 150-010 Seoul, Korea	саудалық қаржылау	1 000 000,00	USD	1 000 000,00	ЛИБОР+1, 13%	4 тоқсан 2005 - 1,004,880.00	2005 жылы толық өтеледі
Корея Эқсим Банкі	16-1, Yoido-Dong, Youngdung po-Gu, 150-010 Seoul, Korea	саудалық қаржылау	2 000 000,00	USD	2 000 000,00	ЛИБОР+1, 13%	4 тоқсан 2005 - 2,001,318.33	2005 жылы толық өтеледі
Корея Эқсим Банкі	16-1, Yoido-Dong, Youngdung po-Gu, 150-010 Seoul, Korea	саудалық қаржылау	2 000 000,00	USD	2 000 000,00	ЛИБОР+1, 11%	4 тоқсан 2005 - 2,039,286.67	2005 жылы толық өтеледі
Корея Эқсим Банкі	16-1, Yoido-Dong, Youngdung po-Gu, 150-010 Seoul, Korea	саудалық қаржылау	1 500 000,00	USD	1 500 000,00	ЛИБОР+1, 11%	1 тоқсан 2006 - 1,537,557.50	2006 жылы толық өтеледі
Корея Эқсим Банкі	16-1, Yoido-Dong, Youngdung po-Gu, 150-010 Seoul, Korea	саудалық қаржылау	2 000 000,00	USD	2 000 000,00	ЛИБОР+1, 11%	4 тоқсан 2005 - 10,047.77 2 тоқсан 2006 - 2,055,415.26	2006 жылы толық өтеледі
Корея Эқсим Банкі	16-1, Yoido-Dong, Youngdung po-Gu,	саудалық қаржылау	2 000 000,00	USD	2 000 000,00	ЛИБОР+1, 08%	4 тоқсан 2005 - 53,211.81 2 тоқсан 2006 - 1,010,800.00	2006 жылы толық өтеледі

	150-010 Seoul, Korea							
Корея Эксим Банкі	16-1, Yoido- Dong,  Youngdung po-Gu, 150-010 Seoul, Korea	саудалық қаржылау	2 000 000,00	USD	2 000 000,00	ЛИБОР+1, 06%	4 тоқсан 2005 - 47,153.47 2 тоқсан 2006 - 2,010,717.78	2006 жылы толық өтеледі
Корея Эксим Банкі	16-1, Yoido- Dong,  Youngdung po-Gu, 150-010 Seoul, Korea	саудалық қаржылау	1 000 000,00	USD	605 041,66	ЛИБОР+1, 09%	4 тоқсан 2005 - 14,399.72	толығымен игерілмеген - дәл кестесі жоқ

### 38. Қаржы нәтижелерін талдау

**2004 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайды 2003 жылдың 31 желтоқсандағы жағдаймен салыстырғандағы қаржы нәтижелерін талдау.**

#### Жалпы Активтер

2004 жылғы жағдай бойынша Банктің активі 704,1 млрд. теңге (5,4 млрд. доллар) болды және 2003 жылдың аяққы кезімен салыстырғанда 269,8 млрд. теңгеге (өсім 62,1%) артты. 2004 жылғы өсім негізінен алғанда Банктің несиелер қоржыны көлемінің 74,8%-ке өсуіне байланысты болды. 2004 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша нетто несиелер қоржынының көлемі 494,9 млрд. теңге (3,8 млрд. доллар) құрады. 2003 жылдың аяғында 283,1 млрд. теңге (2,0 млрд. доллар) болды (өсу деңгейі 211,9 млрд. теңге).

Бағалы қағаздар көлемі 2004 жылы 4,0 млрд. теңгеге немесе 5,6%-ке өсті және 2003 жылдың аяғындағы 71,4 млрд. теңгемен (0,5 млрд. доллар) салыстырғанда 2004 жылың 31 желтоқсанында 75,3 млрд. теңге (0,6 млрд. доллар) құрады. Бағалы қағаздардың жалпы көлемінде негізгі үлесін 99,3% сауда бағалы қағазы құрады (74,8 млрд. теңге). Банк 2004 жылы ішінде шетелдік және қазақстандық компаниялардың да, сондай-ақ Қазақстан өкіметі мен ҰБ шығарған бағалы қағаздары мен ноталарын белсенді түрде сатып алды.

2004 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, банктер берген несиелер мен қаражаттардың көлемі 41,8 млрд. теңге (0,3 млрд. доллар) құрады және 2003 жылдың аяғындағымен салыстырғанда 3,3 млрд. теңгеге (8,4%) өсті. Өсім банкаралық несиелердің 3,7 млрд. теңгеге артуы есебінен, сондай-ақ корреспонденттік шоттарда ұсталған қаражаттардың 3,7 есе (9,5 млрд. теңгеге) өсуі есебінен, сонымен бір мезгілде депозиттік шоттардағы салынған қаражаттардың 9,9 млрд. теңгеге төмендеуінен жүзеге асты.

2004 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, Қазақстан Республикасы мен Қырғызстан Ұлттық Банктерінің және Ресей Орталық Банкінің кассалары мен шоттарында қалған қаражаттар көлемі 2003 жылдың аяғындағы 28,5 млрд. теңгемен салыстырғанда (0,2 млрд. доллар) 66,3 млрд. теңгеге (0,5 млрд. доллар) артты, өсім 37,8 млрд. теңге (2,3 есе) құрады.

2004 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Банк 2003 жылдың аяғындағы жағдай бойынша 300 млн. теңгемен салыстырғанда қымбат металдарды иеленген жоқ.

2004 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Кері РЕПО операциясы бойынша сатып алынған Банк қоржынындағы бағалы қағаздар көлемі 2003 жылғы 31 желтоқсандағы 2,6 млрд. теңге орнына 8,4 млрд. теңге құрап, 3,2 есе (5,8 млрд. теңге) өсті. Бұл берешектік бағалы қағаздар мен халықаралық заемдарды қысқа мерзімді активтерге салу нәтижесінде

алынған қаражаттың бөлігін пайдаланудың салдарынан туындады.

2004 жылы Банктің негізгі қаражаттары мен материалдық емес активтерінің 1,1 млрд. теңгеге (17,2%) өсуі байқалады және 2004 жылы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша оның көлемі 2003 жылғы 31 желтоқсандағы 6,3 млрд. теңге орнынан 7,4 млрд. теңге құрады.

Банктің орташа активі 164 млрд. теңгеге немесе 46%-ке арты, 2003 жылғы 350,8 млрд. теңгеден 2004 жылы 514,8 млрд. теңгеге жетті. Өсім себебі, бірінші кезекте таза несие қоржыны орташа көлемінің 161,8 млрд. теңгеге немесе 81,8%-ке өсуімен түсіндіріледі. Сонымен қатар бағалы сауда қағаздарының орташа Банктік қоржыны 2003 жылмен салыстырғанда 2004 жылы 19,6 млрд. теңгеге артты. Банктің орташа пайыздық активі бір есепті кезеңнен екіншісінде 49,9%-ке өсті.

### **Жиынтық міндеттемелер**

2004 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Банк міндеттемесі 67,0%-ке артты және 2003 жылдың аяғындағы 384 млрд. теңгемен (2,7 млрд. доллар) салыстырғанда 641,3 млрд. теңгеге (4,9 млрд. доллар) құрады. Аталған өсім негізінен халықаралық банктік қаржыландырудың өсуінен және қосымша евроноталар мен вексельдерді шығару есебінен жүзеге асты.

Шығарылған бағалы несие қағаздардың көлемі 2004 жылы сәуірде 10 жыл мерзімге 400 млн. АҚШ доллары мөлшерінде купонның 7,875% қойылымы бойынша және 2004 жылы қарашада 5 жыл мерзімге 350 млн. АҚШ доллары мөлшерінде купонның 7% қойылымы бойынша қосымша евроноталар шығару нәтижесінде арттырылды. Сондай-ақ, 2004 жылғы 31 желтоқсандағы Банктің шығарылған несие міндеттемесінің көлемі Ресей Федерациясы заңнамасына сәйкес “Москоммерцбанк” КБ (ЖШҚ) шығарған 15,5 млрд. теңге вексельді қамтиды.

Индекстелген және халықаралық қуатталған облигациялар Банк балансында қуатталған заем ретінде топтастырылады. 2004 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, Банктің қуатталған қарызы 2004 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 8,7 млрд. теңгемен салыстырғанда, 19,4 млрд. теңге құрады. 10,7 млрд. теңгеге өсім (2,2 есе) 2004 жылғы сәуірде 7,375% қойылымы бойынша 10 жыл мерзімге 100 млн. АҚШ доллары мөлшерінде қуатталған заемді тарту нәтижесінде жүзеге асты.

ЕҚДБ жүйесі бойынша және азиялық банктерден синдикатталған заем (150 млн. доллар) қаражаттарын тарту нәтижесінде банктерден алынған қаражат 2,2 есе артты, 2003 жылдың аяғындағы 76,2 млрд. теңгеден 2004 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 170,3 млрд. теңгеге өсті.

2004 жылы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттер шотындағы қаражат 46,2 млрд. теңге (30,5%-ке) құрады және 2003 жылдың аяғындағы 151,6 млрд. теңгемен салыстырғанда 197,8 млрд. теңге құрады.

2004 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша РЕПО келісімдері бойынша сатылған бағалы қағаздар көлемі 2003 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдайы бойынша 37,3 млрд. теңгемен салыстырғанда 28,4 млрд. теңгеге төмендеді (төмендеу 23,6%).

2004 жылы Банктің орташа міндеттемесі 458,4 млрд. теңгеге артты (2003 жылмен салыстырғанда 149,2 млрд. теңге немесе 48,3% болды). Банктің орташа пайыздық міндеттемесі 2003 жылмен салыстырғанда 50,7%-ке, негізінен несиелік бағалы қағаздар шығару (айналымға шығарылған бағалы қағаздар бойынша орташа міндеттемелер 76,6% артты) және банкаралық алмасудың нәтижесінде өсті (2,3 есе). 2004 жыл ішінде орташа жедел және талап етілгенше дейінгі депозиттер тиісінше 4,1% және 32,8% артты.

### **Капитал**

2004 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Банк капиталы 25,7% артты және 2003 жылдың 31 желтоқсанындағы 45,6 млрд. теңгемен салыстырғанда 57,3 млрд. теңге құрады. Өсім негізінен Банктің ағымды табысын капиталдандыру есебінен жүзеге асты.

2004 жылы Банк капиталы 51,8 млрд. теңге құрады, бұл 2003 жылдың көлемінен 35,6% артық. Базель шартына сәйкес есептелген Банктің жеке капиталы 2004 жылдың 31

желтоқсанындағы жағдай бойынша 87,2 млрд. теңге (оның ішінде 1-ші деңгейдегі капитал 61,5 млрд. теңге) болды. 2003 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, Базель шартына сәйкес есептелген Банктің жеке меншік капиталы 60,6 млрд. теңге (оның ішінде 1 –ші деңгейдегі капитал 49,7 млрд. теңге) құрады. 2004 жылы жеке капиталдың артуы 43.9% (26,6 млрд. теңге) жетті. 2004 жылдың 31 желтоқсанына 1-ші деңгейдегі капиталдың баламалық коэффициенті мен жалпы капиталдың баламалық коэффициенті тиісінше 10,6% және 15% болды (2003 жылдың 31 желтоқсанында тиісінше 13,5% және 16,4%)

### Таза табыс

Төменде келтірілген кесте 2004 және 2003 жылдардың 31 желтоқсанына Банктің таза табысының негізгі көрсеткіштері:

	31 желтоқсанда аяқталатын жыл		
	2004	2003	Өзгерістер
	млн. KZT		%
Пайыздық табыстар	55,003	35,106	56.7
Пайыздық шығындар	(26,248)	(18,624)	40.9
Несиелер бойынша жұмсалатын провизияларды есептеуге дейінгі таза пайыздық табыс	28,755	16,482	74.5
Несиелер бойынша жұмсалатын провизиялар	(11,222)	(5,887)	90.6
Комиссиялар	8,439	7,066	19.4
Бағалы қағаздардан түсетін табыс	41	(364)	111.3
Шетелдік валюта операциясынан түсетін таза табыс	1,557	1,600	(2.7)
Қабылданған дивидендтер	15	382	(96.1)
Басқа табыс	1,963	1,239	58.4
Таза пайызсыз табыс	12,015	9,923	21.1
Операциялық шығындар	(9,511)	(8,969)	6.0
Басқа операциялар бойынша жұмсалатын провизиялар	(722)	(270)	167.4
Ассоциацияланған компаниялардан акционерлік табыс	13	(20)	165.0
Табыс салығы пен азшылық үлесіне дейінгі таза табыс	19,328	11,259	71.7
Табыс салығы	(9,573)	(2,092)	357.6
Азшылық үлесі	(1,066)	(406)	162.6
Таза табыс	8,689	8,761	(0.8)

2004 жылы салық салыну мен азшылық үлесіне дейінгі Банктің таза табысы 2003 жылғы болған 11,259 млн. теңгемен салыстырғанда, 19,328 млн. теңге құрады, өсім 71,7% жетті. 2004 жылы табыс салық 9,573 млн. теңге болды (өткен жылдан 4,6 есе көп), нәтижесінде Банктің таза табысы салық салыну мен азшылық үлесін есепке алумен шын мәнінде 2003 жылдың деңгейінде қалды (өткен жылдың осы кезеңінде 0,8% төмендеді).

### Пайыздық табыстар

Төменде келтірілген кесте 2004 және 2003 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған мерзімде жыл ішіндегі Банктің пайыздық табысына және оның өсуіне қатысты мәліметтерді қамтиды:

	<b>31 желтоқсанда аяқталатын жылдар</b>		
	<b>2004</b>	<b>2003</b>	<b>Өзгерістер</b>
	<b>млн. KZT</b>		<b>%</b>
Клиенттерге берілген несиелер бойынша пайыздар	48,630	29,74 9	63.5
Банктер берген несиелер және банктердегі депозиттер бойынша пайыздар	1,488	1,582	(5.9)
Бағалы сауда қағаздары бойынша пайыздар	4,885	3,775	29.4
<b>Барлығы</b>	<b>55,003</b>	<b>35,10 6</b>	<b>56,7</b>

2004 жылы пайыздық табыс 56,7% немесе 19,897 млн. теңгеге өсті және 2003 жылғы 35,106 млн. теңгемен салыстырғанда 55,003 млн. теңге болды. Өсім клиенттер несиесі және бағалы сауда қағаздары бойынша пайыздық табыс есебінен жүзеге асты..

Пайыздық табыс құрылымында клиенттердің несиелер бойынша пайыздық табысы негізгі орындардың бірін алып отыр, олардың үлесі 2003 жылғы 84,7%-пен салыстырғанда 2004 жылы 88,4%-ке дейін артты. Орташа пайыздық қойылымдардың 2003 жылғы 14,4%-тен 2004 жылы 12,9%-ке дейін төмендеуіне қарамастан, клиенттерге берілген несиелер бойынша пайыздық табыс 2003 жылмен салыстырғанда 63,5%-ке өсті. Өсім клиенттерге (брутто) 174,3 млрд. теңгеге немесе 82,9% берілген несиелердің орташа көлемінің елеулі түрде артуына негізделеді (2004 жылы несиелердің (брутто) орташа көлемі 2003 жылғы 210,3 млрд. теңге орнына 384,6 млрд. теңге құрады).

2004 және 2003 жылдар ішінде Банк клиенттерге ұсынған табысты несиелері бойынша өндірілген орташа жылдық пайыздық қойылымдары:

	<b>31 желтоқсанда аяқталатын жылдар бойынша</b>	
	<b>2004</b>	<b>2003</b>
	<b>Пайыздар</b>	
Клиенттерге теңгемен берілген несиелер	14.6	14.9
Клиенттерге шетелдік валютамен берілген несиелер	12.6	14.3
Клиенттерге берілген несиелердің барлығы	12.9	14.4
Жарамсыз және мерзімі өтіп кеткендерін (жоғалту провизиясын ұстап қалғанда) ескергенде, клиенттерге берілген несиелердің барлығы	13.5	15.0

2004 жылы банк берген несиелер мен қаражаттар бойынша пайыздық табыс 2003 жылғы 1,582 млн. теңгемен салыстырғанда, 1,488 млн. теңге құрады. 94 млн. теңгеге немесе 5,9%-ке төмендеуі орташа пайыздық қойылымның 2003 жылғы 3,1%-тен 2004 жылы 3,8% -ке дейін

сәл ғана өсуі кезінде 22,4 млрд. теңгеге немесе 47.1%-ке банктер берген (брутто) несиелердің орташа көлемінің төмендеуіне байланысты болды. Банктер берген несиелердің (брутто) орташа көлемі 2003 жылғы 47,6 млрд. теңгемен салыстырғанда, 2004 жылы 25,2 млрд. теңге құрады. 2004 жылы банк берген несиелер бойынша пайыздық табыстың үлесі шамалы ғана болды және 2003 жылмен салыстырғанда 4.5% -тен 2.7%-ке дейін төмендеді.

2004 және 2003 жылдары банктерге ұсынылған несиелер бойынша Банктің өндірген жылдық орташа пайыздық қойылымдары:

	31 желтоқсанда аяқталған жылдар бойынша	
	2004	2003
	<b>Пайыздар</b>	
банктерге теңгемен берілген несиелер	2.8	4.1
банктерге шетелдік валютада берілген несиелер	4.3	3.1
банктерге берілген несиелердің барлығы	3.8	3.1
банктерге берілген несиелердің барлығы (жоғалту провизиясын ұстап қалғанда)	3.9	3.2

Сауда бағалы қағаздардан пайыздық табыс 2003 жылғы 3,775 млн. теңгеден 2004 жылы 4,885 млн. теңгеге дейін өсті. Ол 1,110 млн. теңгеге немесе 29.4%-ке өсуі бағалы қағаздар қоржыны орташа көлемінің 2003 жылғы 66,2 млрд. теңгеден 2004 жылы 85,8 млрд. теңгеге дейін өсуіне (өсім 29,6%) және бағалы қағаздар бойынша орташа табыстылықтың 2003 жылғы 5,8%-тен 2004 жылы 6,2%-ке артуына байланысты. Бағалы қағаздар бойынша пайыздық табыстың үлесі 2003 жылғы 10,8% орнына 2004 жылы 8,9% болды.

2004 және 2003 жылдарға сауда бағалы қағаздары бойынша орташа жылдық пайыздық қойылымдары:

	31 желтоқсанда аяқталған жылдар бойынша	
	2004	2003
	<b>Пайыздар</b>	
Теңгедегі сауда бағалы қағаздары	4.7	5.1
Шетелдік валютадағы сауда бағалы қағаздары	8.8	6.4
Сауда бағалы қағаздарының барлығы	6.2	5.8

### Пайыздық шығындар

Төмендегі кестеде 2004 және 2003 жылдардағы Банктің пайыздық шығындары бойынша мәліметтері келтіріледі:

	31 желтоқсанда аяқталған жылдар бойынша		
	2004	2003	Өсім, %
	<b>млн. KZT</b>		
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша пайыздық шығындар	14,995	8,578	74.8
Клиенттердің шоттары бойынша пайыздық шығындар	6,970	7,773	(10.3)



Банктер берген несиелер мен қаражаттар бойынша пайыздар	4,076	1,911	113.3
Басқалай міндеттемелер бойынша пайыздық шығындар	207	362	(42.8)
Барлығы	26,248	18,624	40.9

2004 жылы пайыздық шығындар 2003 жылмен салыстырғанда 40.9%-ке (7,6 млрд. теңге) өсті. Өсім борыштық бағалы қағаздары және банктер берген несиелері мен қаражаттары бойынша пайыздық шығындардың көтерілгендігінен болды. 2004 жылы пайыздық шығындардың құрылымы елеулі өзгерістерге ұшырады. Мәселен, шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша және банктер ұсынған несиелері мен қаражаттары бойынша пайыздық шығындардың үлесі 2004 жылы тиісінше 57.1%-ке дейін және 15.5%-ке дейін өсті, ал 2003 жылы бұл көрсеткіш тиісінше 46,1% және 10,3% болған.

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша пайыздық шығындар талданған кезеңмен салыстырғанда 6,4 млрд. теңгеге немесе 74.8%-ке өсті. «Kazkommerts International B.V.» компаниясының 7.875% купон қойылымымен 400 млн. АҚШ доллары және 7% купон қойылымымен 350 млн. АҚШ доллары сомасына евроноталар шығаруына байланысты, 2004 жыл ішінде Банкпен ақша тартылғандықтан шығын өсімдері жоғарылай түсті. Шығарылған борыштық бағалы қағаздардың орташа көлемі 76,6%-ке өсті және 2003 жылғы 86,1 млрд. теңгемен салыстырғанда 2004 жылы 152 млрд. теңге құрады.

Клиенттердің шоттары бойынша пайыздық шығындар 2004 жылы 10.3%-ке кеміді және 2003 жылғы 7,773 млн. теңгемен салыстырғанда 6,970 млн. теңге құрады. Мұндай төмендеу клиенттердің жедел депозиттері бойынша да, сондай-ақ өздігінен талап етілгенше дейінгі шоттар бойынша да, сонымен қатар, клиент шоттарының орташа көлемі бір мезгілде 12,4%-ке артып кетуіне де пайыздық қойылымдардың төмендеуіне байланысты болды.

Төмендегі кестеде 2004 және 2003 жылдардағы клиент шоттарының орташа құны бойынша деректер келтірілген:

	<b>31 желтоқсанда аяқталған жылдар бойынша</b>	
	<b>2004</b>	<b>2003</b>
Теңгедегі депозиттер		
Жедел депозиттер	8.7%	10.5%
Талап етілгенше дейінгі депозиттер	0.5%	0.7%
Шетелдік валютадағы депозиттер		
Жедел депозиттер	5.1%	6.2%
Талап етілгенше дейінгі депозиттер	0.6%	0.8%

2004 жылы банктер ұсынған несиелер мен қаражаттар бойынша пайыздық шығындар 2,1 есе өсті және 2003 жылғы 1,911 млн. теңгемен салыстырғанда 4,076 млн. теңге құрады. Бұл орта пайыздық қойылымдарды бір мезгілде төмендету кезінде, банктер мен қаржы институттарынан алмасатын орташа көлемнің 2,3 есе артуына байланысты болуымен түсіндіріледі.

Төмендегі кестеде 2004 және 2003 жылдардағы банкаралық алмасулардың орташа құны бойынша мәліметтер:

<b>31 желтоқсанда аяқталған жылдар</b>	
<b>2004</b>	<b>2003</b>

ЛОРО шоттары	0.8%	1.8%
теңге	0.4%	1.4%
шетел валютасы	1.1%	1.9%
Қысқа мерзімді банкаралық несиелер	2.6%	2.6%
теңге	2.5%	4.2%
шетел валютасы	2.6%	2.5%
Банктерден ұзақ мерзімді заемдар	3.8%	4.3%
теңге	-	9.7%
шетел валютасы	3.8%	4.3%

### Несие бойынша жоғалтуға резервтер

2004 жылы несие бойынша жоғалтуға ықтимал резервтері 2003 жылғы 5,887 млн. теңге орнына 11,222 млн. теңге құрады (өсім 90.6%).

Төмендегі кестеде 2004 және 2003 жылдардағы несиелер бойынша жоғалту ықтималына қалыптасқан резервтер бойынша мәліметтер келтірілген:

	<b>31 желтоқсанда аяқталған жылдар бойынша</b>		
	<b>2004</b>	<b>2003</b>	<b>Өсім, %</b>
	<b>млн. KZT</b>		
Клиенттердің несиелері бойынша жоғалтуға резервтері	11,103	5,694	95.0
Банктердің несиелері бойынша жоғалтуға резервтері	119	239	(50.2)
РЕПО келісімдері бойынша бағалы қағаздар бойынша резервтерді қалпына келтіру	-	(46)	-
Барлығы	11,222	5,887	90.6

2004 клиенттердің несиелері бойынша жоғалтулары ықтимал резервтерін қалыптастыруға кететін шығындар 2003 жылғы 5,694 млн. теңгемен салыстырғанда 11,103 млн. теңге құрады. 95% өсім ең бірінші кезекте несие қоржыны (брутто) көлемінің 73.7% ұлғаюына байланысты болды. 2004 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несие қоржынының көлемі 2003 жылдың аяғындағы 302,1 млрд. теңгемен салыстырғанда 524,8 млрд. теңге құрады. Клиенттерге берілген несие көлемдерінің өсуіне қарамастан, резервтеудің тиімді қойылымы 2003 жылдың аяғындағы 6.3%-пен салыстырғанда 2004 жылдың аяғында 5.7%-ке дейін төмендеді. Бұл Қазақстандағы жалпы экономикалық жағдайдың жақсаруына және Банктің несие қоржыны сапасының жақсаруына байланысты болды.

2004 жылы клиенттердің несиелері бойынша ықтимал жоғалтуға қалыптасқан резервтердің орташа көлемі 2003 жылғы 12,566 млн. теңгемен салыстырғанда 25,120 млн. теңге құрады. 12,6 млрд. теңге немесе 99.9% өсім жарамсыз немесе мерзімі өтіп кеткен несиелердің орташа көлемінің 4 млрд. теңге немесе 91,1%-ке өсуінен, сондай-ақ қолданыстағы несиелердің орташа көлемдерінің 170,3 млрд. теңге немесе 82,7%-ке артуы есебінен жүзеге асты. 2004 жылы несие қоржыны орташа көлемінің жалпы көрсеткішінде жарамсыз және мерзімі өтіп кеткен несиелердің үлесі шағын ғана және өткен жылдың деңгейінде қалды, әрі салыстырған кезеңнің 2,1% орнына 2,2% құрады.

Банктер берген несиелер бойынша ықтимал жоғалтуларға резервтер қалыптастыруға бөлінетін қаржы банктерге несиелердің орташа көлемі 47,1%-ке азаюына байланысты 239 млн. теңгеден 119 млн. теңгеге дейін төмендеді.

### Таза пайыздық табыс

Төмендегі кестеде 2004 және 2003 жылдары Банктің таза пайыздық табысы бойынша мәліметтері келтірілген:

	31 желтоқсан		Өсім пайыздар
	2004	2003	
Пайыздық табыс	55,003	35,106	56.7
Пайыздық шығын	(26,248)	(18,624)	40.9
Несиелер бойынша жоғалтуға резервтерді қалыптастырғанға дейінгі таза пайыздық табыс	28,755	16,482	74.5
Несиелер бойынша ықтимал жоғалтуларға резервтерді қалыптастыру	(11,222)	(5,887)	90.6
Таза пайыздық табыс	17,533	10,595	65.5

Несиелер бойынша ықтимал жоғалтуларға резервтерді қалыптастырғанға дейінгі таза пайыздық табыс 2004 жылы пайыздық активтердің орташа көлемі 49.9%-ке өсу кезінде мүмкін болатын пайыздық табыстардың едеуір өсуі есебінен 74,5%-ке артты. Орташа пайыздық активтерге несиелер бойынша ықтимал жоғалтуларға резервтер қалыптастырғанға дейінгі таза пайыздық маржаның көрсеткіші 2003 жылғы 5,2% орнына 2004 жылы 6,1% болды. Мұндай өсім пайыздық активтер табыстылығының артуы кезінде (11.07%-тен 11.57%-ге дейін) пайыздық міндеттемелер құнының (6.39%-тен 5.98%-ке дейін) төмендеуіне байланысты болды.

Несиелер бойынша ықтимал жоғалтулар резервіне қаржы бөлу 90,6%-ке артты, олардың резервтерді қалыптастыруға дейінгі таза пайыздық табысындағы үлесі 2003 жылғы 35,7%-тен 2004 жылы 39%-ке дейін өсті.

Несиелер бойынша жоғалудың резервтерін қалыптастыруға кететін шығындарды қоса есептегенде таза пайыздық табыс 2004 жылы 17,533 млн. теңге құрады, бұл салыстырмалы кезеңнің осындай көрсеткішінен 65,5% артық. 2004 жылы орташа пайыздық активке таза пайыздық маржа 2003 жылғы 3.3%-тен 33.7%-ке ұлғайды.

Бұл кестеде 2004 және 2003 жылдары 31 желтоқсанда аяқталған кезеңдерде орташа таза пайыздық табыс, табыстылық, маржа және спрэд көрсетілген.

	31 желтоқсанда аяқталған жылдар			
	млн. USD			
	2004	2003		
Орташа пайыздық активтер	3,493	2,120		
Пайыздық табыс	404	235		
Таза пайыздық табыс	211	110		
Табыстылық (1) (пайыздар)	11.6	11.1		
Маржа(2) (пайыздар)	6.0	5.2		
Спрэд(3) (пайыздар)	5.6	4.7		

(1) Орташа пайыздық активтерге пайыздық табыс

(2) Орташа пайыздық активтерге таза пайыздық табыс

(3) Орташа пайыздық активтердің Орташа пайыздық қойылымы минус Орташа пайыздық міндеттемелердің Орташа пайыздық қойылымы.

### **Таза пайызсыз табыс**

2004 жылы таза пайызсыз табыс 12,015 млн. теңге құрады, немесе 21,1%-ке өсті, бұл 2003 жылы 9,923 млн. теңге болған еді. Өсім комиссиялық табыстар мен бағалы қағаздармен операциялардың табыстарының көлемдері өсуі есебінен жүзеге асты. 2004 жылы таза пайызсыз табыстардың құрылымы 2003 жылғы құрылыммен салыстырғанда кейбір өзгерістерге ұшырады. Таза комиссиялық табыстар пайызсыз табыстардың басты негізін құраушы болып қала беруде. 2004 жылы олардың үлесі 2003 жылғы 71,2%-пен салыстырғанда 70.2% болды. Шетел валютасымен жүргізілетін операциялардан табыс үлесі 2003 жылғы 16,1%-тен 2004 жылы 13%-ке дейін төмендеді. 2003 жылы бағалы қағаздармен жасалған операциялардан 364 млн. теңге сомасында зиян шегілсе, 2004 жылы 41 млн. теңге сомасында аздаған табыс алынды

### **Комиссиялар.**

Комиссиялық табыстар 23.7%-ке артып, 2003 жылғы 8,400 млн. теңгеден 2004 жылы 10,390 млн. теңге болды. Банк мұндай өсімді жеке және корпоративтік клиенттерге ұсынылатын банк өнімдері жүйесінің кеңеюінің нәтижесі деп есептейді. Сонымен қатар, қатал ішкі бәсекелестіктің нәтижесінде комиссиялар бойынша маржаның кемуіне қарамастан, комиссиялардың ұлғаюы Банк операцияларының жалпы көлемі арта түскенінің нәтижесі болып табылады. Банк карточкаларын қолдану үшін комиссия 42.3% -ке, кассалық қызмет көрсету комиссисы – 33,0%, клиенттік есеп-айырысу қызметі - 23.3% көтерілді. Инкассацияны, құжаттамалық операцияларды, анықтамалық қызмет көрсету, валюта және бағалары қағаздар және басқа кірістерді қамтитын Банктің өзге комиссия есептері кезеңнен кезеңге 16.2%-ке артты.

Комиссиялық шығындар 46.3%-ке өсіп, 2003 жылғы 1,334 млн. теңгеден 2004 жылы 1,951 млн. теңгеге артты. Төленген комиссиялардың жалпы сомасында халықаралық алмасу жөніндегі комиссия басым үлесін (45.9% немесе 895 млн. теңге) құрайды. Сонымен қатар, 18.3%-ін банктік карточкалармен қамтамасыз ету бойынша кететін шығындар кіреді, бұлар 2003 жылмен салыстырғанда банктік карточкалар жөніндегі операциялар көлемінің ұлғаюы есебінен 17.4%-ке өсті. Банк-корресподенттерге төленген комиссиялар 22,1% , валюта және бағалы қағаз операциялары бойынша комиссиялар 32,5% өсті. Құжаттамалық операциялар бойынша комиссиялық шығындар мен басқа да шығындардан тұратын өзге төленген комиссиялар 5.9%-ке өсті.

Шетелдік валютамен жасалатын операциялар бойынша таза жүзеге асырылған және жүзеге асырылмаған табыс. 2003-2004 жж. теңге АҚШ долларына қатысты өзінің тұрғысын 2004 жылы 10%-ке, 2003 жылы 7%-ке күшейтті. Осының нәтижесінде шетел валютасымен жасалатын операциялар бойынша таза табыс 2004 жылы 2003 жылмен салыстырғанда сәл ғана өзгерді және 1,557 млн. теңге құрады.

Алынған дивиденттер. 2004 жылы Банк бағалы қағаздар сауда қоржынының акциялары бойынша 15 млн. теңге сомасына дивиденттер алды, 2003 жылы алынған дивиденттер 382 млн. теңгені құраған. 2003 жылы банк дивиденттерді негізінен АБН АМРО Банк Қазақстан ЖАҚ-тағы өзінің инвестицияларынан алған және ол акциялар сол жылы-ақ сатылған болатын.

### **Таза табыс.**

2004 жылы Банк өзге табыстарды 1,963 млн. теңге сомасында мойындады, бұл 2003 жылы 1,239 млн. теңге құраған еді, яғни 58.4% өсім болды. «Казкоммерц Полис» АҚ Банктің қаржылық есептілігімен біріккеннен кейін, «Казкоммерц Полис» АҚ сақтандыру сыйақылары өзге табыстардың негізгі көзіне айналды. Олардың өзге табыстардағы үлесі 2003 жылғы 84,7%-пен салыстырғанда 2004 жылы 75.3% құрады. Сақтандыру сыйақысы 2003 жылғы

1,049 млн. теңгеден 2004 жылы 1,479 млн. теңгеге дейін артты (өсім 41%), бұл Банктің пікірі бойынша, Қазақстанда сақтандыру нарығының дамып келе жатқандағының нәтижесі болып табылады.

### **Операциялық шығындар.**

Банк клиенттерді қамтамасыз ету жүйесін дамытуды жалғастыруда, бұл орайда халықаралық тәжірибелер мен қалыптарға сүйенеді, мұның өзі филиалдар жүйесін дамытуға, штатқа, ақпарат жүйесіне, жаңа банктік өнімдерді әзірлеу мен енгізуге қаржы бөлуді талап етеді.

Банктің операциялық шығындары 6%-ке көбейіп, 2003 жылғы 8,969 млн. теңгеден 2004 жылы 9,511 млн. теңгеге жетті. Банк шығындарға қатаң бақылау жасайды, оның пікірі бойынша, 2003 жылғы 43.7%-пен салыстырғанда 2004 жылы 32.2% болған несиелер бойынша жоғалтуға ықтимал резервтерді есептеуден кейін операциялық табыстың операциялық шығынға қатысты коэффициентін қысқартуға мүмкіндік берді. Орташа активтерден операциялық шығындардың пайыздық үлесі талданған кезеңге сәйкес 2,6%-тен 1,8%-ке қысқартылды.

Банктің операциялық шығындарының негізгі бөлігі еңбекке ақы төлеу шығындары. Ол 2004 жылы 2003 жылғы 46.8%-пен салыстырғандағы жалпы операциялық шығындардың 39.8%-ін құрады. Еңбекке ақы төлеу шығындары 2003 жылы 4,201 млн. теңгені құраса, 2004 жылы 3,782 млн. теңге болды, яғни өткен жылғыдан 10%-ке аз. Мұндай төмендеу, кезең ішінде негізінен айырбастау қойылымдарын қолданудағы өзгерістер есебінен болуына байланысты. Қызметкерлердің жалпы саны (еншілес кәсіпорындардың қызметкерлері санын қоса алғанда) 5,1%-ке өсті, 2003 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 3,493 адам болса, 2004 жылдың 31 желтоқсанында 3,672 адамға жетті.

2004 жылы амортизациялық төлемдер 33%-ке артты және 2003 жылғы 979 млн. теңге орнына 1,302 млн. теңге болды. Мұндай өсу клиенттерге қызмет көрсету жүйесіндегі Банк инвестицияларының ұлғаюына байланысты. Сонымен, 2004 жылы орташа негізі және материалдық емес активтер көлемі 2003 жылғы көлеммен салыстырғанда 21,7%-ке артты. 2004 жылы операциялық шығындардың жалпы сомасында амортизацияға кететін шығындардың үлес салмағы 13,7% болды, бұл 2003 жылы 10,9% құраған еді.

Негізгі құрал-жабдықтарды күтіп-ұстауға кететін ағымды шығындар, оның ішінде жеке меншік және жалға алынған ғимараттарды, жиһаздарды, компьютерлік және басқа техникаларды ұстауға және жөндеуге, бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдауға кететін шығындар, мүлікті сақтандыру шығындары 2003 жылы 443 млн. теңге құраса, 2004 жылы 543 млн. теңге болып, 22,6% артты.

2004 жылы жарнамаға кететін шығындар жыл бойына банктік өнімдердің өтуіне орай жарнама кампаниясының белсенді жүргізілуіне байланысты 10%-ке көбейіп, 2003 жылғы 379 млн. теңгеден 2004 жылы 417 млн. теңгеге жетті.

Жалға алу шығындары 2003 жылы 207 млн. теңге болса, 2004 жылы 375 млн. теңге болды, бұл жалға алынған ғимараттардағы жаңа ашылған бөлімдерге байланысты болып отыр.

Капитал нарығында операциялардың көбейе түсуі және аймақтық даму байланыс (коммуникациялық), жолсапар шығындарының, ғимараттарды күзету мен автокөлікті ұстау шығындар өсімін көтеріп кетті. Қатынас шығындары 27.5%-ке артып, 2003 жылғы 262 млн. теңгемен салыстырғанда 2004 жылы 334 млн. теңгеге жетіп, шығындардың жалпы сомасының 3,5%-ке жуығын құрады. Автокөлік пен күзетті күтіп-ұстауға жұмсалатын шығын 2003 жылы тиісінше 141 млн. теңге және 146 млн. теңге болса, 2004 жылы тиісінше 162 млн. теңге және 321 млн. теңге болды.

Банк 2003 жылға қарағанда салықтарды 44,1% артық төледі (корпоративтік кіріс салығы мен ҚҚС-ын есептегенде), шығындар 2003 жылғы 213 млн. теңге орнына 2004 жылы 333 млн. теңге құрады. 2004 жылы салықтардың жоғары деңгейлі болуы, Қазақстан Республикасының резиденті емес – клиенттері жүргізген операцияларына байланысты төлем

көздерінде салықтың едәуір өсуі себеп болды. Салықтардың 333 млн. теңге жалпы сомасында аталған салық 236 млн. теңгені құрады.

ҚҚС-на кететін шығын аталған кезең ішінде салық салынатын операциялардың жалпы көлемінің өсуі есебінен 2003 жылғы 253 млн. теңгеден 2004 жылы 332 млн. теңгеге дейін өсті.

Бұл орайда, Банк өзінің клиенттер базасын кеңейтуді жалғастыру барысында (клиент депозиттерінің орташа көлемі 2003 жылғы 150,7 млрд. теңгеден 2004 жылы 169,4 млрд. теңгеге дейін, яғни 12.4% артты), 2004 жылы аударылатын қаржылар тоқсанына 0.16%-ке дейін кепілдеуге жататын депозиттер көлемінен тоқсан сайын 0.25%-тен қорға аударылатын қойылымның төмендеуі нәтижесінде, Банктің Жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) кепілдейтін (сақтандыратын) Қазақстан Қорына төлемі 2003 жылғы 310 млн. теңгеден 2004 жылы 285 млн. теңгеге дейін төмендеді, яғни 8.1%-ке қысқарды.

### **Салық салу.**

Қазақстанда міндетті корпоративтік салық 30% құрайды. 2004 жылы табыс салығы бойынша шығындар 9,573 млн. теңге құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 4,6 есе көп. Салық тиімділігі 49,5% құрады. Ол 2004 жылы Қазақстан салық органдары жүргізген салық тексерулерінің 1999-2002 жылдарға жасалған қорытындысымен 2004 жылғы табыс салығының шығындарына 4,009 млн. теңге қосымша есептеулерімен түсіндіріледі. 2004 жылы нақты салық 5,564 млн. теңге және салық тиімділігі 28.8% құрағандығын атап өткен жөн. 2003 жылы салық тиімділігі 18.6% құраған.

### **2005 жылғы 01 қазандағы жағдайды 2004 жылдың 01 қазандағы/31 желтоқсандағы жағдайымен салыстырғандағы қаржы нәтижелерін талдау.**

#### **Жалпы Активтер**

2005 жылғы 01 қазандағы жағдай бойынша Банктің активі 880 млрд. теңге (6,6 млрд. доллар) болды және 2004 жылдың аяққы кезімен салыстырғанда 176 млрд. теңгеге (өсім 25%) артты. 2005 жылғы 9 айдағы өсім негізінен алғанда Банктің несиелер қоржыны көлемінің 22%-ке өсуіне байланысты болды. 2005 жылғы 01 қазандағы жағдай бойынша нетто несиелер қоржынының көлемі 604 млрд. теңге (4,5 млрд. доллар) құрады, 2004 жылдың аяғында 495 млрд. теңге (3,8 млрд. доллар) болды (өсу деңгейі 109 млрд. теңге).

Бағалы қағаздар көлемі (РЕПО келісімі бойынша сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алмағанда) 2005 жылдың 9 айында 36 млрд. теңгеге немесе 48%-ке азайды және 2004 жылдың аяғындағы 76 млрд. теңгемден (0,6 млрд. доллар) салыстырғанда 2005 жылдың 01 қазанына 39 млрд. теңге (0,3 млрд. доллар) құрады. Бағалы қағаздардың жалпы көлемінде негізгі үлесін 99% сауда бағалы қағазы құрады (38,7 млрд. теңге). Банк 2004 жылы ішінде шетелдік және қазақстандық компаниялардың да, сондай-ақ Қазақстан үкіметі мен ҰБ шығарған бағалы қағаздарды мен ноталарын ретінде белсенді түрде сатып алды.

2005 жылдың 01 қазанына банктер берген несиелер мен қаражаттардың көлемі 167 млрд. теңге (1,3 млрд. доллар) құрады және 2004 жылдың аяғындағымен салыстырғанда 126 млрд. теңгеге (4,0%) өсті. Өсім банкаралық несиелердің 125 млрд. теңгеге артуы есебінен, сондай-ақ корреспонденттік шоттарда ұсталған қаражаттардың 7%-ке (1,0 млрд. теңгеге) өсуі есебінен, сонымен бір мезгілде депозиттік шоттардағы салынған қаражаттардың 0,2 млрд. теңгеге төмендеуінен жүзеге асты.

2005 жылдың 01 қазанына Қазақстан Республикасы мен Қырғызстан Ұлттық Банктерінің және Ресей Орталық Банкінің кассалары мен шоттарында қалған қаражаттар көлемі 2004 жылдың аяғындағы 66 млрд. теңгемден салыстырғанда (0,5 млрд. доллар) 45 млрд. теңгеге (0,3 млрд. доллар) азайды, төмендеуі 21 млрд. теңге (-32%) құрады.

2005 жылдың 01 қазанына Банк қымбат металдарды иеленген жоқ.

2005 жылдың 01 қазанына Кері РЕПО операциясы бойынша сатып алынған Банк қоржынындағы бағалы қағаздар көлемі 2003 жылғы 31 желтоқсандағы 8 млрд. теңге орнына 11 млрд. теңге құрап, 36% (3 млрд. теңге) өсті. Бұл берешектік бағалы қағаздар мен

халықаралық заемдарды қысқа мерзімді активтерге салу нәтижесінде алынған қаражаттың бөлігін пайдаланудың салдарынан туындады.

2005 жылдың 9 айында Банктің негізгі қаражаттары 0,7 млрд. теңгеге (10%) өсуі байқалады және 2005 жылдың 01 қазанына оның көлемі 2004 жылғы 31 желтоқсандағы 7,0 млрд. теңге орнынан 7,7 млрд. теңге құрады.

Банктің орташа активі 164 млрд. теңгеге немесе 50,2%-ке арты, 2004 жылдың 9 айындағы 489 млрд. теңгеден 2005 жылы 9 айда 734 млрд. теңгеге жетті. Өсім себебі, бірінші кезекте таза несие қоржыны орташа көлемінің 186 млрд. теңгеге немесе 55,8%-ке өсуімен түсіндіріледі. Сонымен қатар, банктер мен қаржы мекемелерімен ұсынылған несиелер мен қаражаттардың орташа нетто-көлемі 2004 жылдың 9 айымен салыстырғанда 2005 жылы 9 айда 71 млрд. теңгеге артты. Банктің орташа пайыздық активі бір есепті кезеңнен екіншісінде ,9%-ке өсті.

### **Жиынтық міндеттемелер**

2005 жылдың 01 қазанына Банк міндеттемесі 24%-ке артты және 2004 жылдың аяғындағы 641 млрд. теңгемен (4,9 млрд. доллар) салыстырғанда 793 млрд. теңгеге (5,9 млрд. доллар) құрады. Аталған өсім негізінен халықаралық банктік қаржыландырудың өсуінен және қосымша евроноталар мен вексельдерді шығару есебінен жүзеге асты.

Шығарылған бағалы несие қағаздардың көлемі 2005 жылы ақпан айында 150 млн. АҚШ доллары мөлшерінде евроноталар шығару нәтижесінде арттырылды. Сондай-ақ, 2005 жылдың 01 қазанына Банктің шығарылған несие міндеттемесінің көлемі Ресей Федерациясы заңнамасына сәйкес “Москоммерцбанк” КБ (ЖШҚ) шығарған 14 млрд. теңге вексельді қамтиды.

2005 жылдың 01 қазанына Банктің қуатталған қарызы 2004 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 19 млрд. теңгемен салыстырғанда, 29 млрд. теңге құрады. 9,7 млрд. теңгеге өсім 7 млрд. теңге мөлшерінде 4-ші шығарылған қуатталған облигациялары мен 2 млрд. теңге мөлшерінде 5-ші шығарылған қуатталған облигацияларын орналастыру салдарынан туындады.

Негізінен азиялық банктерден 400 млн. доллар мөлшерінде синдикатталған заем және DEG-тен 37 млн. доллар мөлшерінде заем қаржыларын алу нәтижесінде банктерден алынған қаражат 37% артты, 2004 жылдың аяғындағы 170 млрд. теңгеден 2005 жылдың 01 қазанына 233 млрд. теңгеге өсті.

2005 жылдың 01 қазанына клиенттер шотындағы қаражат 64 млрд. теңге (32%-ке) құрады және 2004 жылдың аяғындағы 198 млрд. теңгемен салыстырғанда 261 млрд. теңге құрады.

2005 жылдың 01 қазанына РЕПО келісімдері бойынша сатылған бағалы қағаздар көлемі 2004 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 28 млрд. теңгемен салыстырғанда 6 млрд. теңгеге төмендеді (төмендеу 80%).

2005 жылдың 9 айында Банктің орташа міндеттемесі 658 млрд. теңгеге артты (2004 жылмен салыстырғанда 224 млрд. теңге немесе 51,6% болды). Банктің орташа пайыздық міндеттемесі 2004 жылмен салыстырғанда 52,3%-ке, негізінен несиелік бағалы қағаздар шығару (айналымға шығарылған бағалы қағаздар бойынша орташа міндеттемелер 58,6% артты) және банкаралық алмасудың 93,1% өсімі нәтижесінде өсті. 2005 жылдың 9 айы ішінде орташа жедел және талап етілгенше дейінгі депозиттер тиісінше 38,4% және 32,1% артты.

### **Капитал**

2005 жылдың 01 қазанына Банк капиталы 42% артты және 2004 жылдың 31 желтоқсанындағы 57 млрд. теңгемен салыстырғанда 81 млрд. теңге құрады. Өсім негізінен Банк акцияларын сату және Банктің ағымды табысын капиталдандыру есебінен жүзеге асырылды. 2005 жылдың 9 айында Банктің орташа баланстық капиталы 71 млрд. теңге құрады, бұл 2004 жылдағы осы кезеңдегі көлемнен 40,7%-ке көп.

## Таза табыс

Төменде келтірілген кесте 2005 және 2004 жылдардың 01 қазанына Банктің таза табысының негізгі көрсеткіштерін береді:

	01 қазанда аяқталатын кезең		
	2005	2004	өзгертулер
	млн. KZT		%
Пайыздық табыс	59 006	38 927	51,6
Пайыздық шығыс	-31 339	-18 553	68,9
Несиелер бойынша ықтимал жоғалтуларға резервтерді қалыптастыру	-11 574	-9 054	27,8
<b>ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ ТАБЫС</b>	<b>16 093</b>	<b>11 321</b>	<b>42,2</b>
Бағалы сауда қағаздарымен жасалған операциялардан түскен таза пайда (шығын)	-109	128	-185,1
Шетел валютасымен жасалған операциялардан түскен таза пайда	1 027	1 444	-28,9
Қызмет көрстеуден түскен табыс және алынған комиссия	8 744	7 237	20,8
Қызмет көрсету шығыны және төленген комиссия	-1 098	-1 366	-19,6
Бағалы қағаздарға инвестициялық салымдардан түскен таза пайда (шығын)	0	0	-100,0
Алынған дивидендтер	12	18	-30,8
Басқа табыстар	2 174	1 178	84,5
<b>ТАЗА ПАЙЫЗСЫЗ ТАБЫС</b>	<b>10 750</b>	<b>8 639</b>	<b>24,4</b>
<b>ОПЕРАЦИЯ ШЫҒЫҢДАРЫ</b>	<b>-9 898</b>	<b>-6 727</b>	<b>47,2</b>
Басқа операциялар бойынша жоғалтулары ықтимал резервтерді қалыптастыру	-2 064	-423	388,0
Қауымдасқан компанияларға қатысқаннан түскен пайда (шығын)	163	-30	-649,1
<b>САЛЫҚ САЛУҒА ДЕЙІНГІ ТАБЫС ЖӘНЕ АЗШЫЛЫҚ ҮЛЕСІ</b>	<b>15 044</b>	<b>12 780</b>	<b>17,7</b>
Табыс салығы бойынша шығындар	-1 044	-6 940	-85,0
<b>АЗШЫЛЫҚ ҮЛЕСІНІҢ ШЕГЕРІМІНЕ ДЕЙІНГІ ТАЗА ТАБЫС</b>	<b>14 000</b>	<b>5 840</b>	<b>139,7</b>
Азшылық үлесі	1 104	692	59,6
<b>ТАЗА ТАБЫС</b>	<b>12 896</b>	<b>5 148</b>	<b>150,5</b>

